ЗКТ, ИСГЗ, ИЮС
в цем. порядке
06.11.2023г.

ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

2023 жылғы 27 қыркүйек 7119-23-00-2/10376 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Т.Шамшильдин оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде келесі талап бойынша азаматтық істі қарады

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 5573 әскери бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер Асанова Шолпан Омарханқызы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. айыппұлды өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:
АПК-нің 223-226, 229-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

"Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 5573 әскери бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесінің жеке кәсіпкер Асанова Шолпан Омарханқызына мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және айыппұлды өніру туралы талап арызы –қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер Асанова Шолпан Омарханқызы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер Асанова Шолпан Омарханқызынан мемлекет пайдасына 121 278 (жүз жиырма бір екі жүз жетпіс сегіз) тенге айыппұл және 5364 (бес мың үш жүз алпыс төрт) теңге мемлекеттік бажды сомасы өндірілсін.

Заңды күшіне енген күні: 03.11.2023

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде тараптар шағым жасалуы немесе апелляциялық тәртібімен прокурор наразылық білдіруі мүмкін.

Судья Т. Шамшильдин

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ - Сот өндірісі - ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК» - Судопроизводство -

Құжатқа қол қойылған: Шамшильдин Т., 27.09.2023

Заңды күшіне енген күні: 03.11.2023, судья Шамшильдин Т., 03.11.2023